

2011 жылды халықтың нысаналы топтарын анықтауға, оларды жұмыспен қамтуға және әлеуметтік қорғауға жәрдемдесу шаралары туралы

Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 1 наурыздағы № 57 қаулысы. Қостанай облысы Науырзым ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 24 наурызда № 9-16-116 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 5, 7-баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабына сәйкес Науырзым ауданының әкімдігі
Қ А У Л Ы **Е Т Е Д І :**

1. Халықтың нысаналы топтарына мына санаттағылар жатады деп белгіленсін:

1) табысы аз адамдар;

2) жиырма бір жасқа дейінгі жастар;

3) балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған жиырма үш жасқа дейінгі балалар;

4) кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырган жалғызлікті, көп балалы ата-аналар;

5) Қазақстан Республикасының заннамасымен белгіленген тәртіппен асырауда тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп танылған адамдар бар азаматтар;

6) зейнеткерлік жас алдындағы адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалған);

7) мүгедектер;

8) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарынан босаған адамдар;

9) бас бостандығынан айыру және (немесе) мәжбүрлеп емдеу орындарынан босатылған адамдар;

10) оралманدار;

11) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйимдарын бітірушілер;

12) жұмыс беруші - занды тұлғаның таратылуына не жұмыс беруші - жеке тұлғаның қызметін тоқтатуына, қызметкерлер санының немесе штатының қысқаруына байланысты жұмыстан босатылған адамдар;

13) ұзақ уақыт жұмыспен қамтылмағандар (он екі айдан асқан);

14) жиырма бір жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар;

15) жұмыссыздар ретінде жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органында тіркелген елу жастан асқан адамдар.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Х.С.
Құатқановқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б. Кеңесбаев

КЕЛІСІЛДІ:

*"Науырзым ауданының жұмыспен
қамту және әлеуметтік бағдарламалар
бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы*

Ә. Сансызбаев

*"Науырзым ауданының қаржы бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің бастығы*

P. Бөдекенова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК